



«Almaty» Телерадиокомпаниясы» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ., 2025 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Almaty» Телерадиокомпаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) Жалғыз акционердің 2020 жылғы 17 қарашадағы № 4 шешімі негізінде «Оңтүстік Астана» Телерадиокомпаниясы» акционерлік қоғамы» атауынан ауыстырылған. Қоғам Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес, Алматы қаласы Әкімінің 2000 жылғы 06 қарашадағы № 1038 «Алматы ОА - Алматы ЮС» Алматы қалалық телерадиокомпаниясы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын акционерлеу туралы» Шешімінің негізінде және 2004 жылғы 20 қаңтардағы № 1 «Оңтүстік Астана» Телерадиокомпаниясы» ЖАҚ қайта тіркеу туралы» «Алматы қалалық коммуналдық меншікті басқару департаменті» ММ Жалғыз акционердің Шешімінің негізінде қайта құру жолымен құрылды.
- 1.2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып саналады және Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына (бұдан әрі - АҚ туралы Заң), Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, осы Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына, Қоғам органдарының және лауазымды тұлғаларының өз құзыреттері шегінде белгіленген тәртіпте қабылданған шешімдеріне сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.
- 1.3. Қоғамның осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта құру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді белгілейді.
- 1.4. Осы Жарғымен, Қоғам органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыреттерінің шеңберінде қабылданған шешімдерімен қарастыруды белгіленбеген мәселелер, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге жатады.
- 1.5. Қоғам тіркеуші органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.
- 1.6. Қоғамның дербес балансы, банктік есепшоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрге иелік етеді.
- 1.7. Қоғам мемлекеттік және орыс тілдерінде рәміздерге, сондай-ақ мөртабандарға, фирмалық бланкілерге және басқа да деректемелерге ие бола алады.
- 1.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Қоғам, өзі орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып

саналмайтын және олар туралы ережелердің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсыруымен әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

1.9. Қоғамның қызмет ету мерзімі - шектелмеген.

1.10. Меншік түрі – коммерциялық.

2. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1. Қоғамның толық атауы:

- мемлекеттік тілде: «Almaty» Телерадиокомпаниясы» акционерлік қоғамы;

- орыс тілінде: акционерное общество «Телерадиокомпания «Almaty».

2.2. Қоғамның қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде: «Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ немесе «Almaty» ТРК» АҚ;

- орыс тілінде: АО «Телерадиокомпания «Almaty» немесе АО «ТРК «Almaty».

2.3. Қоғам атауының аббревиатурасы: Almaty, Almaty телеарнасы, Almaty TV.

2.4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050057, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ғабдуллин көшесі, 88 «А» үй.

2.5. Қоғамның ресми интернет-ресурсы: www.almaty.tv.

3. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТТАРЫ, БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ

3.1. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының халқын тиісті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсету өндірісіне сұранысты қанағаттандыру, сондай-ақ ұлттық экономика қажеттіліктерін қанағаттандыру және пайда табу мақсатында жүргізеді.

3.2. Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) Қазақстан Республикасы аумағында телевизиялық хабар таратуды ұйымдастыру;

- 2) телевизиялық сигналды байланыстың жерсеріктік, сымды арналары және релелі желілері, соның ішінде интернет сегменті бойынша тарату үшін жеткізіп трансляциялауды және ретрансляциялауды жүзеге асыру;

- 3) дербес және сатып алынған бағдарламалардың, оқиғалық ақпараттарды, соның ішінде жарнамалар, хабарлар, фильмдер, концерттерді жинау, әзірлеу және эфирге беру, сондай-ақ баспа, бейне және дыбыс-бейнелік ақпараттық және жарнамалық материалдарды басып шығару және тарату;

- 4) бағдарламаларды, кино -, аудио -, бейне- және дыбысбейнелік ақпараттық және жарнамалық материалдарды шығару және шығармашылық-өндірістік үрдіс қамтамасыз ету;

- 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру.
- 3.3. Тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленетін жекелеген қызмет түрлерімен Қоғам тек арнайы рұқсат (лицензия) негізінде ғана айналыса алады.
- 3.4. Қоғам, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа қызмет түрлерімен айналысуға құқылы.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 4.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған барлық құқықтар мен міндеттерді мойнына алады.
- 4.2. Қоғам Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке иелік етеді және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өзінің мүлкі шегінде жауап береді, оның мүлкіне тек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаза қолданыла алады.
- 4.3. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғам қызметіне байланысты зиян шегу қатерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде мойнына алады. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты Жалғыз акционер де Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 4.4. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, контрактілер) жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар және міндеттерге ие бола алады, соның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін сатып алу, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жүзеге асыра алады.
- 4.5. Қоғам белгіленген тәртіпте банктерде және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан басқа да қаржылық мекемелерінде ұлттық және шетелдік валютасында есепшоттар ашуға құқылы.
- 4.6. Қоғам бухгалтерлік, салықтық және статистикалық есеп жүргізеді, белгіленген тәртіпте жалғыз акционерге және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға қызметтің барлық түрлері бойынша бекітілген формада және белгіленген мерзімде қаржылық және басқа да есептілік жасап ұсынады. Қоғам Жалғыз акционерге ұсынылған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.
- 4.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ішкі құжаттарды әзірлейді және бекітеді.
- 4.8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған басқа да құқықтарға ие бола алады және мойнына басқа да міндеттер ала алады.

5. ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

- 5.1. Қоғам тек қана жай акциялар ғана шығаруға құқылы.
- 5.2. Жай акция акционерге қарауға ұсынылған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқын береді.
- 5.3. Қоғамның акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционер тарапынан төленуі тиіс.
- 5.4. Қоғамның акцияларын шығару құжатсыз формада жүргізіледі.
- 5.5. Қоғам өз акцияларын олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шығаруға мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін орналастырады.
- 5.6. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізім жүйесін жүргізуді Қазақстан Республикасының заңнамасымен уәкілеттілік берілген ұйым/орган жүзеге асырады (бұдан әрі мәтін бойынша – тіркеуші).

6. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

- 6.1. Қоғамның мүлкі, Жалғыз акционер Қоғамның акцияларын төлеуге салған ақшасы мен берген мүлкі есебінен, оның қызметі нәтижесінде түскен кірістер, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер есебінен құралады және олар Қоғамның дербес балансында көрсетілетін негізгі қаражаттарды, ақшаларды, бос қорларды және басқа да активтерді құрайды.
- 6.2. Қоғамның мүлкі Қоғам қызметін қамтамасыз етуге арналған және оған меншік құқығымен тиесілі.

7. ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Қоғамның таза кірісі (салықтарды және басқа міндетті төлемдерді бюджетке төленгеннен кейін) Жалғыз акционердің шешімімен белгіленген тәртіпте бөлінеді.
- 7.2. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.
- 7.3. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындысы бойынша жүргізіледі.
- 7.4. Қоғам орналастырмаған немесе ол өзі сатып алған акциялар бойынша дивидендтер берілмейді және төленбейді.
- 7.5. Мына жағдайларда Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеуге болмайды:
 - 1) Қоғамның жеке капиталының мөлшері теріс болған жағдайда немесе егер қоғамның жеке капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу салдарынан теріс болған жағдайда;

- 2) Егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлеу қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу салдарынан пайда болса;
- 3) Егер сот немесе Жалғыз акционер Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса.

8. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

8.1. Қоғамның органдары мыналар:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) аткарушы орган (жеке-дара) – Бас директор.

9. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Қоғамның Жалғыз акционері мынаған құқылы:

- 1) АҚ туралы Заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Жалғыз акционердің немесе осы Жарғыда белгілеген тәртіпте қаржылық есептілікпен танысуға;
- 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын көшірмелер алуға;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;
- 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Қоғам таратылған жағдайда оның мүлігінің бір бөлігіне үміткер болуға; етуге;
- 9) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 10) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;
- 11) үлестес ұйымдардың бөлінісінде Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде құпия сипаты бар, сұрау салумен белгіленген мерзімде немесе сұрау салу алынған сәттен бастап кемі күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің құқықтарын бұзғаны үшін өтемақы алуға;
- 13) жалғыз акционердің негізгі құқықтарын және корпоративтік басқару саясатының мәселесі бойынша, Қоғам өкілдерімен талқылауға.

9.2. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтарға ие бола алады.

- 9.3. Жалғыз акционер мыналарға міндетті:
- 1) Қазақстан Республикасының тәртіппен, акцияларды төлеуге; заңнамасымен қарастырылғандай;
 - 2) күнтізбелік он күн ішінде Қоғамның тіркеушісін және Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды нақты ұстаушыларды Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізім жүйесін жүргізуге қажет мәліметтердің өзгергендігі туралы хабарлауға;
 - 3) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе ҚР заңымен қорғалатын өзге де құпия құрайтын, Қоғам туралы және оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.
- 9.4. Қоғам мен Қоғамның тіркеуші Жалғыз акционердің осы Жарғының 9.3.-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдарларынан жауапты болмайды.
- 9.5. Қоғамның органдарын сайлау және Қоғамның аяқталған қаржылық жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептелгендегі бір жылдағы дивидент мөлшері туралы мәселелер жөніндегі материалдарда Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған ақпарат болуы тиіс.
- 9.6. АҚ туралы Заңға сәйкес акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қарастырылуы тиіс мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына енгізуге Қоғамның Директорлар кеңесі бастамашылық жасайды. Жалғыз акционердің құзыретіне енгізілген өзге мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығаратын Жалғыз акционердің өзі немесе Қоғамның директорлар кеңесі, ал ерікті түрде тарату барысында Қоғамның тарату комиссиясы бастамашы бола алады.
- 9.7. Жалғыз акционер шешім қабылдау күнін, уақыты мен орнын дербес белгілейді.
- 9.8. Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша материалдарында осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті көлемде ақпарат болуы тиіс.
- 9.9. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:
- 1) аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша - әкесінің аты;
 - 2) білімі туралы мәліметтер;
 - 3) қоғамға улестестігі туралы мәліметтер;
 - 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
 - 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат. Жалғыз акционердің қарауына Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы

мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат екендігі көрсетілуге тиіс.

9.10. Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін, акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдарда мыналар болуы тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі туралы және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) жалғыз акционердің Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) директорлар кеңесінің ықтиярымен өзге де құжаттар.

9.11. Жалғыз акционердің шешім қабылдау тәртібі дербес белгіленеді.

9.12. Жалғыз акционер шешім қабылдаған кезде, Қоғамға қабылданған шешімнің түпнұсқасын ұсынады, ол Қоғамда сақталады.

9.13. Жалғыз акционер Қоғамға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес олар туралы толық ақпарат көрсетілген үлестес тұлғалардың тізімін ұсынады.

10. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

10.1. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер кіреді:

- 1) Қоғам жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа нұсқада бекіту;
- 2) корпоративтік басқару Кодексін, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 7) Қоғамның Директорлар кеңесінің ережесін бекіту;
- 8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 9) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

- 10) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 11) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 12) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 13) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
 - 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және/немесе осы Жарғымен қарастырылғандай, Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған жағдайда Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту;
 - 15) Қоғам қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционерге ұсыну тәртібін белгілеу;
 - 16) шешімді қабылдау күніне акционерлік Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;
 - 17) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қоғамның Жарғысында Жалғыз акционердің шешімі айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 10.2. Егер Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің айрықша құзыретіне беруге жол берілмейді.
- 10.3. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

11. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 11.1. Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жасайды, АҚ туралы Заңмен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің және Қоғамның айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда. Директорлар Кеңесінің шешімдері Заңнамаға, осы Жарғыға, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес қабылданады. Директорлар кеңесі Қоғамның

қызметіне жалпы басшылық жасағаны үшін Жалғыз акционердің алдында жауап береді.

- 11.2. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелеріне мемлекеттік қызметші болып табылмайтын, олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленуі мүмкін және (немесе) функцияларын атқарумен байланысты шығыстары өтеле алады. Осындай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.
- 11.3. Мынадай мәселелер Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:
- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
 - 2) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 3) жалғыз акционердің қарауына Қоғамның өткен қаржы жылындағы және Қоғамның бір жай акциясына бір жыл ішіндегі дивиденд мөлшері есептеу таза табысын бөлу тәртібі туралы ұсыныстар енгізу;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіппен және мерзімде Қоғамның даму жоспарын және оның орынадалуы туралы есептемені бекіту;
 - 5) Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарды сатып және оларды алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, Қоғам дивидендтерді төленгеннен соң, таза иелігінде қалған кірісті жұмсау бағыттарын келісу;
 - 7) бас директордың өкілеттік мерзімін анықтау, сайлау, сондай-ақ оның өкілеттік мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 8) бас директордың лауазымдық айлығының мөлшерін және оған еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
 - 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін (ішкі аудиторларды) тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 10) ішкі аудит (ішкі аудитор) қызметі туралы Ережені, ішкі аудит (ішкі аудитордың) қызметінің қарекетін реттейтін Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын бекіту;
 - 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшерін және сыйақы шарттарын белгілеу;
 - 12) Қоғамның корпоративтік хатшысы ысы туралы Ережені бекіту;
 - 13) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып

табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін белгілеу;

- 14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның Бас директоры қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 16) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау, сондай-ақ олардың қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 17) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
 - 18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты белгілеу;
 - 19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционердің шешімімен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және Қоғам мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
 - 20) директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ережелерді бекіту (қажет жағдайда);
 - 21) Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) Қоғамның жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
- 11.4. Тізбесі осы Жарғының 11.3. тармағында белгіленген мәселелерді Қоғамның Бас директорының шешуіне беріле алмайды.
- 11.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің заңнамаға және (немесе) Жарғыға сәйкес оның Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Бас директорының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.
- 11.6. Қоғамның Директорлар кеңесіне жеке тұлға ғана мүше бола алады. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:
- 1) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлауға (тағайындауға) Жалғыз акционердің мүдделерін өкілдері ретінде ұсынылған (ұсынған) тұлғалар;
 - 2) Қоғамның акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) өзге адамдар арасынан сайланады.
- 11.7. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Жалғыз акционердің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау (тағайындау)

туралы шешімінде Директорлар кеңесінің мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып сайланғаны (тағайындалғаны) туралы көрсетілуі тиіс.

- 11.8. Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделерінде түгел Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру және өз міндеттерін орындау үшін, тәуелсіз директорлікке үміткерлердің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, салалық ортада оң жетістіктері, іскерлік және мінсіз беделі болуы тиіс. болса;
- 11.9. Тәуелсіз директор лауазымына, төмендігілер сайлана алмайды:
- 1) жоғары білімі болмаса;
 - 2) өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы
 - 3) бұрын Қоғамның үлестес тұлғасы болған және үш жыл бойы сондай болған, Қоғамның үлестес тұлғаларына қатынасы жөнінен үлестес тұлға болып отырған; Қоғамның немесе қоғамның үлестес тұлғалары-ұйымымен бағыныштылықпен байланысты және осы тұлғалармен үш жыл бойы бағыныштылықпен байланысты болған, мемлекеттік қызметші болып табылатын; Қоғам органдары мәжілістерінде акционердің өкілі болып саналатын және үш жыл ішінде сондай болған, Қоғамның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатысушы және өзінің Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі үш жыл бойында әлгіндей аудитке қатысқан.
- 11.10. Бас директор Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайлана (тағайындала) алады. Қоғамның Бас директор Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана (тағайындала) алмайды.
- 11.11. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Жалғыз акционерінің жаңа Директорлар кеңесін сайлау (тағайындау) кезінде аяқталады.
- 11.12. Қоғамның Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- 11.13. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін Өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Жалғыз акционер сайлаған (тағайындаған) жағдайда, соңғысының өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

- 11.14. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады (тағайындалады).
- 11.15. Директорлар кеңесінің төрағасы осы Жарғы мен Заңнамаларға сәйкес:
- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды және оның отырыстарын жүргізеді;
 - 3) жиналыста хаттаманы жүргізуді ұйымдастырады;
 - 4) жыл сайын Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның Директорлар Кеңесінің құрамындағы мүшелерінің және Қоғамның Бас директорының сыйақы мөлшері туралы хабарлайды;
 - 5) Қоғам атынан Қоғамның Бас директорымен еңбек шартын жасайды, Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақысының мөлшерін белгілейді;
 - 6) Қоғам Жарғысында және заңнамаларда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.
- 11.16. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
- 11.17. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғамның бас директорының бастамасы бойынша, не:
- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
 - 2) қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
 - 3) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.
- 11.18. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.
- Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган, егер Қоғам Жарғысында өзгеше мерзім белгіленбесе, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.
- Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.
- Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне, егер Қоғамның Жарғысында өзгеше мерзім айқындалмаса, отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын беріледі.
- Қоғамның қызметіне әсер ететін шұғыл шешім қабылдау қажеттілігіне байланысты, Директорлар кеңесінің төрағасы күн тәртібіндегі мәселелер

бойынша материалдарды Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік үш күнге қысқарта алады.

- 11.19. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс.
- 11.20. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізуге міндетті.
- 11.21. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның даусы шешуші дауыс болуы мүмкін.
- 11.22. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 11.23. Қоғамның Директорлар кеңесі жайлы ережесінде Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау мүмкіндігі және осындай шешімдерді қабылдау тәртібі көзделуі қажет.
Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолы қойылуға тиіс.
Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса тіркеледі.
- 11.24. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:
 - 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
 - 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
 - 4) отырыстың күн тәртібі;
 - 5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
 - 6) қабылданған шешімдер;
 - 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

- 11.25. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып және Қоғам мөрінің (ол болған кезде) бедерімен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.
- 11.26. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.
- 11.27. Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім Қоғамның және осы акционердің құқығы мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

12. ҚОҒАМНЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫ

- 12.1. Бас директор – Қоғамның жеке-дара аткарушы органы, 5 жылдан аса емес уақытқа тағайындалып және Директорлар кеңесіне есеп беретін тұлға.
- 12.2. Бас директордың құзыретіне осы Жарғымен анықталған, Жалғыз акционердің және Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамды қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады, оның ішінде:
- 1) Қоғамның шаруашылық қызметін жоспарлау;
 - 2) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын, Қоғамның қызметін ұйымдастыру шаралары бойынша ішкі құжаттарын (ережелер, қағидалар, нұсқаулықтар және т.б.), әзірлеу және бекіту;
 - 3) Жалғыз акционермен алдын ала келісім бойынша Қоғамның ұйымдық құрылымын әзірлеу және бекіту;
 - 4) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулардың жобасын дайындау;
 - 5) қаржылық есептілігін жасау;
 - 6) Қоғамның ағымдағы жылдағы Даму жоспарында көзделген қызметкерлерінің саны шегіндегі қызметкерлер санын және сомасын (еңбекақы төлеу қоры аясында) әзірлеу және бекіту;
 - 7) Қоғамның қызметіне жедел жетекшілік ету, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау;
 - 8) Қоғамды дамытуға және жетілдіруге бағытталған, барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру және өзара іс- әрекеттестіру;
 - 9) Қоғамның жұмыс тиімділігін арттыруды, пайдасын көбейтуді, сапасын арттыру және Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді;

- 10) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында қажетті материалдарды жариялау;
- 11) Қоғаммен өткізілетін барлық қызмет түрлерін жүзеге асыруды бақылау;
- 12) Қоғамның бухгалтерлік есебін жүзеге асыру және бақылау үшін, тиісті материалдық - жауапты тұлғаларды анықтау және мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;
- 13) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қаржы-экономикалық қызмет көрсеткіштерін белгілеу (соның ішінде еңбекақы төлеу қоры);
- 14) барлық мемлекеттік органдармен және мемлекеттік емес ұйымдармен, бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелерді шешу;
- 15) Қазақстан Республикасының заңдарында Қоғамның жүзеге асырылатын қызметінің барлық түрлеріне нормативтік талаптарды орындалуын қамтамасыз ету ұсынылатын көзделген;
- 16) Директорлар кеңесінің отырыстарын бастамашылық ету және Директорлар кеңесінің отырыстарын жүзеге асыру бойынша іс-шараларды өткізуге дайындық;
- 17) аудиторлық ұйыммен Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің аудитінде көрсетілген ұсынымдарын, сондай-ақ ішкі аудит қызметі ұсынымдарын (ішкі аудитордың) орындауды және бақылауды ұйымдастыру;
- 18) Қоғамның Жалғыз акционеріне, Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғам қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ қажетті түсініктемелер мен ережелерін, сұрау салуды алған сәттен бастап, мерзімі отыз күннен кешіктірмей уақытылы ұсынуын қамтамасыз ету;
- 19) Қоғамның игеру үрдісінің жүзеге асырылуын, ішкі бақылау жүйесін енгізу және орындалумен тәуекелді жауапты болады;
- 20) сотта, төрелік сотта, мемлекеттік және басқа да органдарда Қоғамның мүлігін ұсыну мен басқа мүдделерін қорғау;
- 21) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 22) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 23) Қоғам қызметкерлерін (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретімен тағайындалатын қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- 24) Қоғамның жұмысшылар арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

- 25) Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне кірмейтін өзге де мәселелер.
- 12.3. Қоғамның Бас директоры не Қоғамның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адам атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

13. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

- 13.1. Ішкі аудит қызметі Қоғамның ішкі бақылау қызметін жүзеге асыру үшін құрылады.
- 13.2. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлері Қоғамның басқа да лауазымды қызметтірін атқаруына болмайды, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен бөлімшелерін жетекшілікке құқығы жоқ, сондай-ақ Қоғамның басқа органдарының мүшелері болып сайлана (тағайындала) алмайды.
- 13.3. Ішкі аудит қызметі өз қызметінде халықаралық заңнамасын, Қазақстан Республикасының заңнамаларын, Қоғамның ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша ішкі құжаттарымен және Директорлар кеңесінің шешімдерімен, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
- 13.4. Қоғамның тәуекел басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы Директорлар кеңесін уақытылы хабардар ету.

14. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫ

- 14.1. Қоғамның лауазымды адамдары (Директорлар кеңесінің мүшелері, Бас директор):
- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;
 - 2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны Қоғам жарғысына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;
 - 3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;
 - 4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;
 - 5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамдағы жұмысы тоқтатылған сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтауға міндетті;

- 6) хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғамның және оның акционерлерінің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;
 - 7) Қоғамның корпоративтік мәселелері бойынша объективті тәуелсіз шешім шығарады;
 - 8) қызметке тағайындалған не өзгертілген кезден бастап күнтізбелік 7 күн ішінде уәкілетті органның нормативтік-құқықтық құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үлестес тұлғалар туралы ақпаратты Қоғамға жазбаша түрде беруге міндетті.
- 14.2. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) Қоғамға келтірілген залалдар үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционер алдында жауапты. Қоғамның лауазымды адамдарымен шеккен шығындарды өтеу туралы Қоғам сотқа жүгінуге құқылы.

15. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ, ЕСЕПKE АЛУ ҚҰЖАТТАМАСЫ МЕН АУДИТІ

- 15.1. Қоғамның қаржылық жылы күнтізбелік жыл болып есептеледі (01 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін). Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен белгіленеді, сондай - ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің нормативтік құқықтық құжаттарымен.
- 15.2. Атқарушы орган жыл сайын Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге талқылау және бекіту үшін өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті және Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған аудитті табыс етеді.
- 15.3. Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарастыру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Жалғыз акционермен жүргізіледі.
- 15.4. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жыл сайын жариялауға міндетті.
- 15.5. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті. Қоғамның жылдық қаржылық есептіліктің аудиті Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- 15.6. Қоғамға аудит Директорлар кеңесінің, Бас директордың бастамасы бойынша Қоғам есебінен не Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Акционердің талап етуі бойынша аудит

жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті. Егер Қоғамның Бас директоры Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

16. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУІ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ

- 16.1. Қоғам Жалғыз акционер мен Қоғамның инвесторларының назарына Қоғамның келесі корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:
- 1) Жалғыз акционердің қабылдаған шешімдері және Директорлар кеңесі мәселелер тізбесі бойынша қабылдаған шешімдері, бұл мәселелер туралы ақпарат Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізілуге тиіс;
 - 2) Қоғамның акцияларын және уәкілетті органның Қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Қоғамның акцияларын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның акцияларының күшін жоюы;
 - 3) Қоғамның ірі мәмілелерді жасауы;
 - 4) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;
 - 5) Қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;
 - 6) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;
 - 7) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;
 - 8) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;
 - 9) Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;
 - 10) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;
 - 11) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
 - 12) қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның рұқсаттар алуы, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған рұқсаттары қолданысының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;
 - 13) Қоғамның Жарғысына, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Қоғам акционерлерінің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.
- 16.2. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттары қаржылық есептілік депозитарий интернет-ресурсында және (немесе) Қоғамның

интернетресурсында орналастыру арқылы және (немесе) бұқаралық ақпараттар құралдарында жариялау арқылы жүзеге асырылады.

- 16.3. Жалғыз акционерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) Қоғам алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.
- 16.4. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийдің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді, белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.
- 16.5. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты иеленуші Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.
- 16.6. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттарды Қоғам өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде немесе заңнамамен белгіленген мерзімге сәйкес мемлекеттік мұрағатқа тапсырылуы мүмкін.
- 16.7. Қоғамның орналасқан жері бойынша мынадай құжаттар сақталуға тиіс:
 - 1) Қоғамның жарғысы, Қоғам жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
 - 2) Жалғыз акционердің шешімі, Жалғыз акционердің шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
 - 3) Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
 - 4) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына арналған лицензиясы және (немесе) белгілі бір әрекеттер жасауға рұқсаты;
 - 5) Қоғамның өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
 - 6) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері және енгізілген өзгерістер және (немесе) мен толықтырулар;
 - 7) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;
 - 8) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
 - 9) Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
 - 10) корпоративтік басқару кодексі сақталуға тиіс.

- 16.8. Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде, өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.
- 16.9. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген құжаттардың көшірмесін Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен, бірақ Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.
- 16.10. Қоғамның белгіленген мерзімде және тәртіпте қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында үлестес тұлғалар жайлы ақпаратты ұсынуға міндетті.

17. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

- 17.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 17.2. Қайта құру ерікті түрде немесе ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін.
- 17.3. Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген реттерде ықтиярсыз қайта құру сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.
- 17.4. Қоғамның ерікті түрде тарату туралы шешімін Жалғыз акционер қабылдайды. Ерікті түрде тарату туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес кредиторлармен келісімдер бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейтін Жалғыз акционер.
- 17.5. Қоғамды мәжбүрлеп тарату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда сотпен жүзеге асырылады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Қоғамды тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа ұсынуы мүмкін.
- 17.6. Соттың немесе Жалғыз акционердің Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады. Тарату комиссиясы қоғамның таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген іс-әрекет жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады.
- 17.7. Ерікті тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, Жалғыз акционердің өкілдері, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес өзге де адамдар енгізілуге тиіс.
- 17.8. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде

орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жойылуға жатады. Таратылатын Қоғамның мүлкісінің бөлісуі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

- 17.9. Қоғам қайта ұйымдастырылды деп жаңадан пайда болған заңды тұлғаны тіркеген сәттен бастап, таратылған деп мемлекеттік тіркемеде тиісті жазба енгізілгеннен кейін есептеледі.

18. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 18.1. Егер осы Жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болып қалса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығын қозғамайды. Жарамсыз ереже заңды түрде жол берілетін және тиісті қатынасты реттейтін ережемен ауыстырылады.
- 18.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар Жалғыз акционердің шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.
- 18.3. Осы Жарғыда көрсетілмеген Қоғамның қызметіне қатысты мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
- 18.4. Осы Жарғы тіркеуші органында мемлекеттік тіркелген сәттен күшіне енеді.

«Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ
Бас директоры



Т. Базарбаев